

МКҚК №11 «Аружан» бөбекжай-бақшасы

Бекітемін
№11 «Аружан» бөбекжай
бақша басшысы
А.Ш.Есбол
«*28*» *төңіз* 2020ж

«Бала мен бақбак!»

(Ашық оқу іс-әрекет)

№3 «Күнбағыс» тобы
Тәрбиешілер: Мусабекова Н.П
Сулейменова К.А

Шымкент қаласы

Білім саласы: «Таным», «Қатынас», «Әлеуметтік орта»

Білім бөлімі: Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру, тіл дамыту, экология негіздері.

Тақырыбы: «Бала мен бақ-бақ»

Мақсаты: Балалардың танымдық қабілеттерін арттыру, халық ауыз әдебиетін пайдалана отырып, балалардың тіл байлығын, сөздік қорын байыту. Ақпаратты технологияларды және монтессори әдістемесін пайдаланып, балаларға экологиялық тәрбие беріп, адамгершілік, имандылық қабілеттерін қалыптастыру.

Сөздік жұмыс: Жер беті, шуақ, жандандыру.

Әдіс-тәсілдер: Көрсету, түсідіру, сөздік, сұрақ-жауап, ойын.

Билингвизм: Қыс-зима-уинтэ. Көктем-весна-спринц. Жаз-лето-самэ. Күз-осен-оутм. Наурыз-март-мач. Сәуір-апрель-эиптил. Мамыр-май-мэй.

Көрнекіліктер: Көктем мезгіліне байланысты көрініс.

Керекті құралдар: Видео және аудио құралдары, үлестірмелі карточкал, дәнді-дақылдар және модульдер.

Ұйымдастыру кезеңі.

Шаттық шеңбері:

Тәрбиеші:

-Балалар, шаттық шеңберіне тұрып, келген қонақтармен сәлемдесіп алайық!

-Күннің көзі ашылып,

Көкке шуақ шашылып,

Құтты қонақ келіпті,

Төрімізге еніпті.

Амандасу үлкенге,

Тәрбиенін басығой,

Ал, қанекей бәріміз

«Сәлем»-дейік үлкенге

Сәлеметсіздер ме, қонақтар!

Тәрбиеші:

-Балалар, бір сәт экранға көңіл аударайық!

-Балалар, бір жылда неше мезгіл бар?

-Төрт мезгіл бар.

-Ендеше қос тілде айтып беріңдер?

-Қыс-зима-уинтэ, көктем-весна-спринц, жаз-лето-самэ, күз-осень-оутм.

-Қазыр жылдың қай мезгілі?

-Көктем мезгілі.

-Көктем мезгілінде неше ай бар?

-Үш ай бар.

-Енді қос тілде атап беріңдер?

-Наурыз-март-мач, сәуір-апрель-эиприл, мамыр-май-мэй.

Тәрбиеші:

- Балалар, түнде біздің топқа сиқырлы гүл өсіпті. Бірақ, бұл гүл ашылмай тұр.

Жапырағында бізге акелген хат бар екен. Хат көктемнен келіпті!

/тәрбиеші хатты оқиды/

«Балалар, мен жер бетіне шуағымды шашып, гүлдерімді жандандырайын десем, қыс кедергі жасап жатыр. Маған көмектесесіңдер ме?»

Тәрбиеші:

- Балалар, көктемге көмектесу үшін, ашылмай тұрған гүлдегі тапсырмаларды орындауымыз керек.

- Жұмбақтар, жаңылпаштар, мақал-мәтелдер, туражәне кері санамақтар айтып беріндер депті.

- **1-тапсырма:**

Туысқан бес кісі,

Бірінен-бірі кіші,

Бәрінің аты бір,

Ең кішісі шеткісі? (жауабы: бес саусақ)

-Бес ағайынды бір үйде тұрады? (жауабы: бес саусақты қолғап)

-Екі ағайынды, бір-бірін ешқашан көрмейді? (жауабы: екі көз)

-Есет атам ет асатар, ет асатса бес асатар.

-Төсек үстінде төрт бөрік, төртеуіде көк бөрік.

- Бір тал кессең, он тал ек.

-Екі тілді білген адам, екі адам.

-Досыңды үш күн сынама, үш жыл сына.

-Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады.

1-дегенім білім

10- дегенім озу

2-дегенім есік

9-дегенім тосу

3-дегенім үсік

8-дегенім сезу

4-дегенім төсек

7-дегенім жеңбек

5-дегенім бесік

6-дегенім алмақ

6-дегенім асық

5-дегенім бермек

7-дегенім желке

4-дегенім түймек

8-дегенім серке

3-дегенім үймек

9-дегенім торқа

2-дегенім екпек

10-дегенім оймақ

1-дегенім бүкпек.

11-кара жұмбақ.

Тапсырма орындалып, гүлдің бірінші бөлігі ашылды.

2-Тапсырма:

Жейде түймесін қадау, аяқ киімнің бауын байлау және жауған жаңбырдың тамшыларын көрсету.

(Балалар, картчкамен жұмыс жасайды).

Тапсырма орындалып, гүлдің екінші бөлігі ашылды.

Сергіту сәті:

Бойды сергек тік ұста
Емін, еркін тыныста.
Оң қолыңды соз алға,
Ұш бұрыш сыз ауада.
Сол қол босқа тұрмасын,
Шеңбер жасап зырласын.

3-тапсырма:

Дидактикалық ойын: «Кім кайда тұрады?»

Шарты:Қуыршақты, итті өз үйлеріне және құсты өз ұясына дәнді-
дақылдарды пайдалана отырып жеткізу .

(Балалар, картчкамен жұмыс жасайды).

Тапсырма орындалып, гүлдің келесі бөлігі ашылады.

4-тапсырма:

Логикалық есептер

-Алма ағашында екі алма, бір алмұрт өсіп тұр. Алма ағашында неше алмұрт өсіп тұр?

-Алма ағашында алмұрт өспейді.

-Дұрыс айтасындар, балалар! Алма ағашында тек алма ғана өседі.

-Екі тышқанда неше құйрық бар?

-Екі құйрық бар.

-Ал, мынаны тауып көріндерші! Мақтаңыз мысықтың неше құйрығын кесіп алады?

-Бір. Мысықта бір-ақ құйрық болады.

Тәрбиеші:

-Жарайсындар, балалар! Тапсырманы дұрыс орындадыңдар, ендігүлдің келесі бөлігін ашайық!

5-тапсырма:

- Біздің соңғы тапсырмамыз, модульдермен әр-түрлі заттар жасау керек.
(Балалар, модульдермен жұлдыз, үйшік, гүлдер, бәйтерек, зымыран және геометриялық пішіндер жасайды).

-Жарайсындар, балалар! Сендер барлық тапсырманы орындап, гүлді аштыңдар.

-Бұл қандай гүл екен?

-Бақ-бақ гүлі.

-Қай мезгілде шығады екен?

-Көктем мезгілінде.

-Дұрыс айтасындар! Көктем гүлдерін ең алғаш тек көктем ғана береді екен.
(Музыка ырғағымен көктем келеді).

Көктем:

- Сәлем, сәлес балақайлар!

Өзиз жанды назды апайлар,

Мен шуақты ала келдім,

Қуаныңдар алақайлап!

Құстар, әнін ала келдім,

Жан бітіріп, табиғатқа.

Әсем әнді сала келдім

Өп-әдемі шоқ гүлдерді

Даладан мен жинай келдім.

Көктем:

- Балалар, сендерге көп-көп рахмет! Барлық тапсырманы орындап маған көмектестіңдер.Енді мен сендермен ойын ойнағым келіп тұр.

Ойын: «Сөйлемді жалғастыр».

- Көктемде?..

-Күн жылынады.

-Қар?..

-Ериді.

-Ағаштар?..

-Бүршік жарады.

-Жаңбыр?..

-Жиі жауады.

-Малдар?..

-төлдейді.

-Адамдар?..

-Жеңіл киінеді.

-Гүлдер?..

-Шыға бастайды.

-Өте жақсы, сендер көктем мезгілінің ерекшеліктерін жақсы бідед екенсіңдер.
Мен, көктем гүлдерін ала келдім сендерге.

Мен енді жер бетіне гүлді кілемдерімді жайайын. Сау болыңдар балалар!

Тәрбиеші:

- Балалар, осындай әдемі гүлдерді, ағаштарды жұлуға болмекен?
- Болмайды.
- Біз ардайым табиғатты аялай білуіміз керек.
- Ал, енді көктем туралы қос тілде кім тақпақ айтып береді?

Евелина:Көктем келді бүгін,**Чарос:** Весна принесет дождь,
Күнім төкті нұрын.Весна принесет солнце.

Сайрап барлық құстар, Весна принесет всем веселье!
Ән салуға құштар.

Акнур:Спринг уил бринг реин,
Спринг уил бринг сан.
Спринг уил бринг фон, фа евриуан.

Тәрбиеші:

- Балалар, көп-көп рахмет сендерге! Бүгін жақсы іс жасадыңдар! Әдемі гүлімізді қонақтарға сыйлап, қоштасайық.

Күтілетін нәтижелер:

Біледі: Көктем мезгілі туралы және ерекшеліктерін.

Түсінеді: Қ.М.Ұ-да санамақтар, жұмбақтар, жаңылпаштар және мақал-мәтелдерді.

Менгереді: Өз бетімен жұмыс жасауға және дәнді-дақылдарды қолдану жолдарын.





